

Теміржол көліктері Екібастұзда сыналады

▼ Өткен аптада Екібастұзға Техникалық реттеу және метрология комитеті, ҚР Инвестиция және даму министрлігіне қарасты басқа да бірқатар ұйым өкілдері жұмыс бабымен келіп, «Проммашкомплект» ЖШС-і мен осы қәсіпорын аумағында орналасқан Қазақстан теміржол көліктерін сертификаттау орталығында болды.



Ж.ҚАДЫРОВА

Астаналық қонақтардың бірі – «Ұлттық аккредиттеу орталығы» ЖШС-і бас директоры Серік Құрманалиев бұл сапар мақсаты жайлы былай деді:

- Павлодар қаласында метрология, стандарттау және сертификаттау мәселелері жөнінде штаб отырысы өтеді. Осы сапар аясында біз Екібастұздағы «Проммашкомплект» зауытымен танысып отырмыз. Зауытта теміржол саласына қажетті тамаша өнімдер шығарылуда. Бұл өнімдердің бәрі сынақтан өтуі тиіс. Сол үшін зауыт жанынан құрамында маңызды зертханалары бар сынақ орталығы да ашылған.

(Жалғасы 2-бетте)



Темiржол көлiктерi Екiбастұзда сыналады

(Басы 1-бетте)

Бұл орталық бүгiнде тұңғыш рет өз елiмiзде жылжымалы жолаушы және жүк құрамдарын, дөңгелектер мен басқа да осы салаға қажеттi құралдарды сынақтан өткiзуге мүмкiндiк берiп отыр. Алдағы уақытта мұнда тiркемелердi де сынауға қол жеткiзiлетiнi айтылып жатыр. Бұл – керемет жаңалық. Өйткенi бұған дейiн тiркемелер тек Ресейде сыналып келген болатын.

Жұмыс тобы бұдан соң «Қазақстанның вагон жасау компаниясы» ЖШС-iне ат басын тiредi. Өкiнiштiсi, жұма күнi зауыт жұмысы тоқтап тұр екен. Цехтарда бiр-екi адам ғана көзге түседi. Зауыт басшылары мұның себебiн тап-

сырыс түспегендiктен жұмыс уақытының қысқарғанымен түсiндiрдi. Олардың айтуынша, жұма күндерi жұмыс мүлдем болмайды екен.

Құлаққа ұрған танадай тыныштық орнаған цехтарды көргенде, түрлi саламен, әсiресе, көмiр өндiру кәсiпорындарымен тығыз байланыста тiршiлiк ететiн аталмыш зауытты да елдегi экономикалық дағдарыс айналып кетпегенiн түсiндiк.

Иә, бiрнеше жыл бұрын мемлекеттiк үдемелi индустриялық-инновациялық бағдарлама аясында ашылып, атағы жер жара жаздаған вагон зауытының тұралап тұрғаны обал-ақ.